

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.279-281

ӘРТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕ АЗЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ЗААНЕН ЕШКІ ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ТІРЛЕЙ САЛМАҚ ӨЗГЕРГІШТІГІ

*Камзина С.,
Байлина Г.,
Омарова К.М.*

Кіріспе. Соңғы жылдар әлемнің көптеген елдерінде сүтті ешкі өсіруді дамытуға қызығушылық арта бастады - бұл бағалы өнімдер мен шикізаттардың алуан түрін өндіруге қабілетті сала. Ешкі шаруашылығы дамыған елдерде қаймағы алынбаған сүт ретінде және жұмсақ, қатты ірімшіктерді дайындау үшін қолданылады. Біздің ел үшін бұл әлемдік нарыққа енді шыға бастаған мал шаруашылығының дамып келе жатқан жаңа саласы. [1,2,3,9].

Ешкі сүті және оның қайта өңделген өнімдері балаларға, науқастар мен қарт адамдарға диеталық таптырмас компонент болып табылады. Ешкі сүтінің құрамы мен қасиеттері ерекше, оның құрамында макро-микроэлементтердің көп мөлшері, соның ішінде маңызды амин қышқылдары, минералдар, витаминдер бар.

Ғылыми зерттеулер бойынша ешкі сүтінің биологиялық құндылығының жоғары екендігін дәлелдеді, ол көп жағдайда аналық сүтке ұқсас, сондықтан ол жақсы қорытылып, адам ағзасына, әсіресе балалар ағзасына жеңіл сіңеді [4,5,6].

Қазіргі экологиялық жағдайдың нашарлауында адамның рационна ешкі сүті мен сүт өнімдерін енгізу өте маңызды және адамның денсаулығы мен иммунитетіне тиімді әсер етеді.

Сонымен қатар, ешкі сүті мен осы шикізаттан алынатын өнімдер халық арасында сұранысқа ие болуда. Негізінен пастерленген ешкі сүтімен және оның өңделген өнімдері: айран, йогурт, сүзбе және ірімшік халықты толығымен қамтамасыз ете алмауда [7]. Сондықтан сүтті ешкі өсіруді дамыту - еліміздің шикізаты мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басым міндеттердің бірі болып табылады.

Сүтті бағыттағы ешкілерді өсіруді одан әрі дамыту және халықтың қажеттіліктерін ешкі сүтінен алынатын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету - кезек күттірмейтін міндет.

Кейбір зерттеулер бойынша ешкілердің сүт өнімділігіне, сүттің құрамы мен қасиеттеріне генетикалық және әр түрлі паратиптік факторлар әсер ететіндігін анықтады: жануарлардың жасы мен физиологиялық жағдайы, лактация кезеңі, жылдың маусымы, күтім параметрлері, азықтандыру деңгейі және толықтығы, сауу технологиясы және т.б. [4,8]

Қазіргі уақытта зерттеулер бойынша сүтті бағыттағы ешкілерді азықтандыру жағынан зерттеулер аз жүргізілген және қолданыстағы «Ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыру нормалары мен рациондары» анықтамалығында сүтті бағыттағы ешкілерді азықтандыру келтірілмеген. Сондықтанда әртүрлі деңгейде азықтандырылған заанен ешкі тұқымы төлдерінің тірілей салмақ өзгергіштігін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу әдістемесі. Мақаладағы зерттеу жұмыстары Ақмола облысы, «Зеренді асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» ЖШС жағдайында сүтті бағыттағы Заанен ешкілеріне жүргізілді. Бұл шаруашылықтағы ешкілерден мол өнім алу үшін туылған кезінен бастап ересек ешкі болғанға дейінгі аралықтағы күнделікті берілетін азықтардың рационы құрылған, әр малдан сапалы әрі мол өнім алу үшін азықтардың құрамына және азықтандыру жағдайы қадағаланып отырады.

Ғылыми-шаруашылық зерттеуге сүтті бағыттағы ешкілер алынды. Осыған байланысты сүтті ешкілерді азықтандыру деңгейі бойынша зерттеулер жүргізілді. Азықтардың химиялық құрамы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының азық сапасын зерттеу лабораториясында FOSS «NIRS DS 2500» экспресс анализаторында зерттелінді. Азықтардың химиялық құрамы зерттелгеннен кейін, осыған сәйкес ешкілерге азықтандыру деңгейлері анықталды. Ешкілердің тірілей салмағы таразымен өлшеу арқылы анықталды.

Зерттеулер нәтижесі.

Ешкілер толығымен қолда ұстау технологиясы бойынша күтіп бағылды. Тәжірибеге алынған ешкілер 3 топқа бөлініп, олардың айырмашылықтары ірі азықтар мен құрама жем деңгейлеріне байланысты болды. Тәжірибе басында 3 топтың да тірілей салмақтары орташа 26,2 кг құрады.

Осы азықтандыру жағдайында ешкілердің тірілей салмағы да өлшеніп алынды. Төмендегі 1-ші кестеден ешкілердің азықтандыру барысындағы тірілей салмақ көрсеткішін байқауға болады.

Бұл жағдайда бірінші топ 900 г аралас шөп пішені мен 450 г құрама жемнен тұратын азықпен, яғни рационда 0,5 а.ө., алмасу энергиясы 9,0 МДж құрады. Екінші және үшінші топтар рациондарындағы азықтардың қоректілігі тиісінше 10% және 25% арттырылды. Зерттеу жүргізу кезінде тірілей салмақтардың өзгеруі ескерілді.

1 кесте - Заанен ешкі тұқымының өнімділік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Ешкі тұқымының топтары
--------------	------------------------

	I	II	III
Тірілей салмағы:			
7 айлық	26,3	26,2	26,15
13 айлық	35,5	36,4	37,8
180 күндегі өсімталдығы, кг	8,6	9,8	11,2
Тәуліктік өсімі, кг	48	54	60

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша рациондағы азықтандыру деңгейі 25% болған 3-ші топтағы ешкі төлдерінің 1 топпен салыстырғанда тірілей салмақтың өсуі жоғары болды. 1-ші топқа қарағанда рационда 10% артық алған 2-топтағы ешкі төлдерінің өсуі 8,2% жоғары болды. Осылайша тірілей салмақтың күнделікті өсуіне сәйкес, ең жақсы көрсеткіштер 3-ші топтағы ешкі төлдерінде байқалды. 13 айлық жасында ұрықтандыруға алынған ешкілердің тірілей салмағы 39,5 кг көрсетті.

Қорытынды. Заанен ешкі тұқымдарының төлдерін азықтандыруда рацион құрамындағы әртүрлі деңгейге байланысты зерттеу жұмыстары бойынша тірілей салмақ көрсеткіштері 3-ші топтағы ешкі төлдерінде байқалды, яғни рациондағы азықтандыру деңгейі 25% болған 3-ші топтағы ешкі төлдерінде анықталды. 13 айлық жасында ұрықтандыруға алынған ешкілердің тірілей салмағы 39,5 кг көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Омарова Қ.М., Сәденова М.Қ. Қазақстандағы сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығының қазіргі жағдайы және дамыту жолдары. Қазақстан Оңтүстік-Батыс аймағының ауыл шаруашылығын дамытудың заманауи аспектілері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Шымкент, 2018 ж. 168-172 б
2. Селионова, М.И. О некоторых итогах научного обеспечения овцеводства и козоводства Российской Федерации // М.И. Селионова, В.А. Багиров // Овцы и козы, шерстное дело. - 2014.- № 1.- С. 2-4.
3. Мастерских, Д.Г. Свойства молока коз зааненской породы разного возраста / Д.Г. Мастерских, А.С. Шуварики // Овцы, козы, шерстяное дело. - 2004.- № 3.- С. 39-40.
4. Протасова, Д.Г. Свойства козьего молока / Д.Г. Протасова // Молочная промышленность. -2001. - № 8. - С. 25-26.
5. Забелина, М.В. Козоводство - перспективная отрасль животноводства / М. В. Забелина, М. В. Белова, Е. Ю. Рейзбих // Овцы, козы, шерстяное дело. - 2009. - № 3. - С. 25-29.
6. Москаленко, Л.П. Козоводство : учебное пособие / Л.П. Москаленко, О.В. Филинская. - СПб.: Лань, 2012. - 272 с.
7. Хаертдинов, Р.А. Белки молока / Р.А. Хаертдинов, М.П. Афанасьев, Р.Р. Хаертдинов // Казань: Идел-Пресс, 2009. - 256 с.
8. Шуварики, А.С. Молочная продуктивность и качество молока зааненской породы коз в зависимости от некоторых генотипических и

паратипических факторов / А.С. Шувариков, Ю.Н. Первалова, О.Н. Пастухов // Овцы, козы, шерстяное дело. - 2010. - № 3. - С. 58-61.

9. Luis Escareño, Homero Salinas-Gonzalez, Maria Wurzinger, Luiz Iñiguez, Johann Sölkner

10. Dairy goat production systems Accepted: Springer Science+Business Media B.V. 30 July 2012 DOI: 10.1007/s11250-012-0246-6